

**6D011300 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Батаева Дариға Серікқызының «Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, биология ғылымдарының кандидаты, доцент Үсенбеков Бақдаулет Наубайұлының**

### **ШІКІРІ**

Өсімдіктердің қоршаған ортаның абиотикалық факторларына төзімділік механизмін зерттеу биологияда іргелі мәселелердің бірі болып табылады. Оның шешімі экстремальды жағдайда, атап айтқанда қарқынды тұздану кезінде өсімдіктің төзімділік стратегиясын анықтауда маңызы зор. Климаттың глобальды өзгеруіне байланысты тұзданған территориялар агро-және биоценоздың өнімділігін төмендетіп, алуантүрліліктің азаюына алып келеді.

Статистикалық мәліметтерге сай жылына елімізде 280000-350000 тоннаға дейін күріш өндіріледі. Қызылорда облыстық ауылшаруашылығы басқармасының мәліметтері бойынша соңғы жылдары облыс бойынша өсірілетін 10 күріш сортының 7 ресейлік күріш сорттары. Сондықтан елімізде дәnniң технологиялық көрсеткіштері бойынша халықаралық стандарттарға жауап беретін және республикамыздың күріш өсіретін аудандарындағы күрт құбылмалы ауа-райына қарамастан, мол өнім беретін отандық күріш сорттары жылдан-жылға жоғары сұранысқа ие. Сондықтан, өндіріске тұзға төзімді сорттарды енгізу –отандық күріш егіншілігіндегі негізгі мәселелердің бірі және жаһандық практика тұзға төзімді күріштің сорттарын өсірудің экономикалық жағынан да тиімді екенін дәлелдеп отыр.

Жалпы, қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңызы өте зор. Зерттеу жұмысында - тұзданудың әртүрлі типтерінің (хлоридті, сульфатты және карбонатты) төзімділігіне зертханалық жағдайда скрининг жүргізілді. Тұзға төзімді күріш сорттары мен коллекциялық үлгілеріндегі амилоза мөлшеріне сандық скрининг жасалған. Гидропоникалық жағдайда өсірілген күріш өскіндерінің тұзға төзімділігіне Халықаралық күріш ғылыми-зерттеу институтында (ИРПИ) фенотиптік зерттеулер жүргізілілген. Әртүрлі тұздану жағдайындағы фотосинтездік пигменттер мен пролин мөлшерінің өзгерісі есепке алыныпты. Перспективті генотиптерді селекциялық бағдарламаға қосып, оранжереялық жағдайда гибридизация (пневмокастрация және ТВЕЛ тозаңдандыру) жасап, тұзға төзімді будандар алынып, оранжереялық жағдайда бағаланған.

Ғылыми – зерттеу жұмыстары Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы ғылыми зерттеу институты; Бүкілресейлік күріш ғылыми-зерттеу институты (Ресей, Краснодар); Халықаралық күріш ғылыми-зерттеу институтында (Филиппин мемлекеті) және педагогикалық-тәжірибелік

эксперимент жұмыстары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің биология кафедрасында жүргізілді.

Докторант Д.С. Батаеваның ғылыми зерттеу жұмысы отандық күріштің тұзға төзімділігі бағытында жасалған ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады және тұзға төзімді линиялардың биохимиялық-молекулалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған диссертациялық жұмысының өзектілігі ешқандай күмән келтірмейді. Д.С.Батаеваның жүргізген ғылыми зерттеулері мен алынған нәтижелерін болашақ биолог мұғалімдерді дайындауда білім беру жүйесінде қолдануда, студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызы зор еңбек деп ойлаймын.

Ғылыми зерттеудің нәтижелері бойынша 23 ғылыми еңбек жарияланған. Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияларда баяндалған. Олардың қатарында Scopus және Web of Science мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналдарда – 4 мақаласы жарияланған.

Қорыта айтқанда, Батаева Дариға Серікқызының жұмысын жоғары бағалап, диссертация жұмысына дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп тауып, оны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6D011300 - Биология мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші,  
Өсімдіктер биологиясы және  
биотехнологиясы институты  
Өсімдіктер физиологиясы және  
биохимиясы зертханасының  
меңгерушісі, биология  
ғылымдарының кандидаты**



**Б.Н. Үсенбеков**

